


АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІН	
«ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ» МКҚҚ	
Т.КП: «МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР»	
АКИМДА ГОРОДА АСТАНА	
Шығыс (Исходящий) №	528
«12» 03 2024	ж.т.

### Білім беру ұйымдарының басшыларына

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚҚ 2024 жылғы 29 – 30 наурыз күндері сағат 10.00-де «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталыктарының жұмысы аясында жалпы білім беру ұйымдарында «Бірынғай ашиқ есік» күнін ұйымдастыру бойынша ұсыным жолдайды.

Қосымша: 3 парап.

Басшының м.а.



А. Мухамеджанова

Орын: Д. Джунусова  
Тел: 87786375019

**«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жұмыс аясында  
«Қ.Мұхамедханов атындағы № 90 гимназия» ШЖҚ МҚК «Отбасы  
құндылығы-сарқылмас қазына» бірыңғай ашық есік күні.**

**Хаттама**

**30 наурыз 2024 ж**

**Аймақ бойынша жауаптылар:**

1. Камолова Гавхар
2. Жапар Айғаным , Қайсарбек Маржан.
3. А. Құмарбек. Б.Айтұганов .
4. А. Дауылбаева. Г. Сайлаубаева
5. А. Мәлжанбай. Қ Санат .
6. Г.Секербосунова. Ш. Ахметова
7. Сынып жетекшілер

30.03.2024 жылы Қ.Мұхамедханов атындағы № 90 гимназиясында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жұмыс аясында « Отбасы құндылығы-сарқылмас қазына» бірыңғай ашық есік күні болып өтті. Ашық есік күні мектеп басшысы Гүлжанат Асанқызының 3-тоқсан қорытындысы және мектептің ішкі тәртібі туралы баяндамасы тыңдалды. Гүлжанат Асанқызы 3- тоқсанның қорытындысы бойынша мектептегі жалпы кедергілер мен кеткен кемшіліктерді ашып көрсетті. Окушылардың 3- тоқсан кезінде сабакты босатуы, сабактан кешігіү туралы жеткізді. Үшінші тоқсандагы білім сапасы, тоқсандық жиынтық бағалаудың жүргізілуі ата-анаға түсіндірліді. Ата-аналар тарарапынан кері байланыс жасалды.

**1 – аймақ** Г.Н. Камалова «Отбасындағы тәрбие бастаулары» «Q-TALKS» 3 – 4 сынып ата - аналары

**2 – аймақ** А.Жапар М.Қайсарбек «Отбасылық құндылықтар қобдишасы» Training 5 сынып ата - аналары

**3 – аймақ** А.Құмарбекұлы, Б.Айтұганов «Отбасы адамдығы ең басты құндылық» World cafe 10 сынып ата - аналары

**4- аймақ** А.Ш.Дауылбаева Г.Ж.Сайлаубаева. «Қызға қырық үйден тыю, қаласа күннен және бір тыю» Workshop 6 – 7 сынып ата – аналары.

**5 – аймақ** А.Мәлжанбай Қ.Санат «Наурыз бата аксақалдармен сұхбат» «Шежіре күні» 8 сынып

**6-аймақ** Г.О.Серекбосунова, Ш.К.Ахметова «Наурыз мерекем, наурызым берекем»

1 – 2 сынып ата-аналары

**7- аймақ** Сынып жетекшілер «Отбасы бақытының негізі – отбасылық құндылықтар»

1 – 11 сынып ата – аналар.

**1 – аймақ** Г.Н. Камалова «Отбасындағы тәрбие бастаулары» «Q-TALKS» 3 – 4 сынып ата – аналары Гавхар Нұрлыбекқызы «Отбасындағы тәрбие бастаулары» «Q-TALKS» тақырыбында 3-4 сынып ата-аналарымен жұмыс жасады. Г.Нұрлыбекқызы өмірмен байланыстыра отырып, тақырып аясында қызықты әңгіме жүргізді. Өз өмір жолындағы тәрбиелік мәні зор естеліктерімен бөлісіп, ата-анаға терең ой салды.

**2 – аймақ** А.Жапар. М.Қайсарбек «Отбасылық құндылықтар қобдишасы» Training 5 сынып ата – аналары. Қайсарбек Маржан бала тәрбиесі дамуындағы басты рөлді аткаруышы отбасы екенін айта отырып, ата –ана мен баланың арасындағы қарым-қатынасты жаксарту, нығайтуға арналған тиімді әдістері арқылы тренингін өткізді. «Менің балам...» аяқталмаган сейлем әдісі ата-аналар ой салғандай болды.

**3 – аймак** А.Кұмарбекұлы, Б.Айтұганов «**Отбасы адамдығы ең басты құндылық**» World cafe 10 сынып ата – аналары «**Отбасы адамдығы ең басты құндылық**» ата-ана тәрбиесі екені айтылды. Қазакта біреудің баласы жақсы, өнегелі азamat болса: «**Оның әкесі немесе атасы жақсы кісі**

еді, көргенді бала екен, өнегелі жерден шықкан гой», — деп мадактайды. «**Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер**» дегендей, отбасында үлдар әкелері немесе атапарының бойындағы қасиет пен өнерін үйреніп өсken. «**Әкеге қарап үл өсер, шешеге қарап қызы өсер**» дейтін қазак қызы балаларының тәрбиесіне аса үлкен назару жөнінде өткізді.

**4- аймак** А.Ш.Дауылбаева Г.Ж.Сайлаубаева. «**Қызға қырық үйден тыю, қаласа қүнисен және бір тыю**» Workshop 6 – 7 сынып ата – аналары. Қыз баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ана тәрбиесінің маңыздылығын айтып қарым-қатынасын тиімді үйымдастыру жолдары туралы сөз болды. Аналар жағдаяттық сұраптар бойынша өз ойларын еркін ортага сала білді. Сынып аналарының арасында ынтымақтастық орнауына ықпал жасалды.

**5 – аймак** А.Мәлжанбай Қ.Санат «**Наурыз бата ақсакалдармен сұхбат**» «**Шежіре күні**»

8 сынып Шежіре күні. Бұл жұмыста отбасының, ел-жүртшының, жеті атаниң тарихы айтылып, шежіресі тыңдалды. Сонымен қатар, жүртшылық мал сойып, өткен-кеткен ата-бабаларына құран бағыштайды. Ағайын-туған, көрші-колаң таяудаған жақынынан айырылған отбасылардың үйине барып, «**марқұмға тие берсін**» айтып дастарханынан дәм татады. Әр отбасының үлкендері өмірден өткен ата-бабаларының, ағайын-бауырдың жақсы істерін, куанышты сәттерін кейінгі үрпакқа әнгімелеп береді. Жасы кішілер үлкендерге салем бере барып, ақсакалдардың батасын алуы атадан балага беріліп келе жатқан шежіре екенін жеткізді.

**6-аймак** Г.О.Серекбосунова, Ш.К.Ахметова «**Наурыз мерекем, наурызым берекем**» 1 – 2 сынып ата-аналары наурыз мерекесіндегі халқымыздың атадан балага беріліп келе жатқан салт-дәстүрін, әдет-тұрпын еске түсіру арқылы, ұлттық сананы жаңғырту, ұлттық тұрмыс-тіршілігі туралы сөз болды. Ата-аналармен практикалық жұмыстар жасалып, ұлттық мұқраларды жаңғыртып жүрген шеберлердің өнерін насиҳаттап, таныстыруды.

**7- аймак** Сынып жетекшілер «**Отбасы бақытының негізі – отбасының құндылықтар**»

1 – 11 сынып ата – аналар. Отбасының басты қазығы, алтын діңгегі – бала. Баланың тәрбиелі жан-жақты болып өсуіне берекелі, өнегелі, ынтымақты отбасының ықпалы мол. Отбасы ата мен баланың, келін мен ененің және басқа да отбасы мүшелерінің жылы қарым - қатынасынан құрылады. Отбасы берекелі, тату болу үшін сыйластық, мейірімділік, жанашырлық, бауырмалдық, адамгершілік қасиеттер әр адамның жүргегінен орын алуы керек.

Отбасын құрғанда Адам өмірін үрпақ әкеліп қана қоймай, сонымен бірге оған жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды, ата - бабасының салт - дәстүрін, жас үрпақтың бойына сіңіртеді. Балаларын өздерін қоршаган ортага және когамға пайдалы азamat етіп өсіру – ата - ананың ең маңызды міндеті екенін сыннып жетекшілер өз сыннып сағаттарында ортага сала білді.

Көріткінді:

«**Ата-аналарды педагогикалық колдау**» орталығының жұмыс аясында «**Отбасы құндылығы-сарқылмас қазына**» бірыңғай ашық есік күніндегі жоспарланған аймактар бойынша түгел жұмысын жасады. Ашық есік күніне 240 ата-ана қатысты. Ашық есік күні барысы әлеуметтік желіге жарияланды. Әр сыннып жетекші өз сыннының ата-аналар жиналышын жасап, 3- тоқсан бойынша білім көрсеткіштерін, окушының оқу жетістіктерін ата-аналарына жеткізді.